

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 мамырда № 7141 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 9 қазандағы № 11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің 09.10.2020 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шалқар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 16-8/59 ұсынысы негізінде, Тоғыз ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үй жануарлары арасынан құтырық ауруының анықталуына байланысты, Тоғыз ауылдық округі Кеңдала разъздінің Ханжалы көшесі аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тоғыз ауылдық округі әкімінің м. а.*

*Б. Ідірісов*

